

ҚР Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арналған
«ТӘУЕЛСІЗДІК – БӘРІНЕН ҚЫМБАТ»
атты жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттері арасында
аймақтық патриоттық бейнероликтер конкурсын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. ҚР Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арналған «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттері арасында аймақтық патриоттық бейнероликтер конкурсын өткізу туралы ереже (бұдан әрі – конкурс), конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібін, оның ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз етілуін, жеңімпаздарды анықтау және марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Конкурсты ұйымдастырушы – Қарағанды техникалық университетінің патриоттық тәрбие беру ғылыми-зерттеу институты (бұдан әрі – ПТБ ҒЗИ ҚарТУ).

1.3. Конкурс ҚарТУ ПТБ ҒЗИ әзірленді, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өткізіледі, студент жастардың патриотизмін сақтауға және дамытуға бағытталған.

1.4. Конкурс өткізу туралы ресми ақпарат ҚарТУ-дың ресми сайтында <https://www.kstu.kz> / және «За политехнические знания» газетінде орналастырылады.

II. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Конкурстың мақсаты:

Жоғары оқу орындарының жастары арасында патриоттық сезімді, өз Отанына деген мақтаныш сезімін дамыту.

2.2. Конкурстың міндеттері:

- студент жастарды патриотизмді дамытуға қатысуын ынталандыру;
- жас ұрпақтың Қазақстан Тәуелсіздігінің қалыптасуындағы оқиғаларды зерттеуге қызығушылығын ояту;
- патриоттық құндылықтарды қалыптастыруға, Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге үлес қосу.

III. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ ЖӘНЕ КОНКУРС КОМИССИЯСЫ

3.1. Конкурсты дайындауға және өткізуге жалпы басшылықты Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті байқаудың мақсаты мен одан туындайтын міндеттерді шешу мақсатында конкурсқа дайындық және оны ұйымдастыру кезеңінде құрылады.

3.3. Ұйымдастыру комитетінің функциялары:

- конкурсты ұйымдастыру және өтуін жүзеге асыру;
- конкурс материалдарын бағалау үшін конкурстық комиссия құру.

3.4. Конкурс комиссиясының функциялары:

- осы Ережеге сәйкес шығармашылық жұмыстарды зерттеу, байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау;
- өз бағалау нәтижелерін, байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімін қалыптастыру және ұйымдастыру комитетіне жіберу.

IV. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

4.1. Конкурсқа қатысушылар: жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттері.

V. КОНКУРС НОМИНАЦИЯЛАРЫ:

5.1. «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» патриоттық бейнероликтер:

- 1) «Мен патриотпын» номинациясы;
- 2) «Тәуелсіздікке 30 жыл» номинациясы;
- 3) «Менің туған өлкем» номинациясы.

V. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН КҮНДЕРІ

6.1. Конкурс екі кезеңде өтеді:

1 кезең: конкурстық жұмыстарды қабылдау - 2021 жылдың 30 қаңтарынан 19 ақпанына дейін;

2 кезең: конкурс комиссиясының жұмысы - 2021 жылдың 20 ақпанынан 23 ақпанына дейін.

6.2. Конкурсты ұйымдастыру комитеті үміткердің конкурсқа қатысатын конкурстық жұмыстарын қабылдауды 2021 жылдың 19 ақпан сағ. 23.30 аяқтайды. Конкурсқа қатысу үшін белгіленген уақыт өткеннен кейін ұйымдастыру комитетіне келіп түскен конкурстық жұмыстар жіберілмейді.

6.3. Конкурстың Ұйымдастыру комитеті конкурстық жұмыстарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 күн ішінде ҚарТУ-дың ресми сайтында жіберілген жұмыстардың саны туралы хабарлайды.

6.4. Конкурс жеңімпаздарын Ұйымдастыру комитеті 2021 жылдың 24 ақпанда жариялайды. Конкурс жеңімпаздары туралы ақпарат ҚарТУ-дың ресми сайтында, интернет-ресурстарда және әлеуметтік желілер топтарында жарияланады.

VII. КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТАЛАПТАРЫ

7.1. «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты жоғары оқу орындары арасындағы аймақтық бейнероликтер конкурсына кез-келген қол жетімді бейне құрылғымен (ұялы телефонның, смартфонның, сандық фотоаппараттың, планшеттік компьютердің кәсіби камерасы немесе әуесқой бейнекамера) конкурс тақырыбына сәйкес жасалған бейнелер ұсынылады.

7.2. Үміткер бейнеролик жанрын өз бетінше анықтайды (мысалы: репортаж, сұхбат, интервью, шолу, кадрдағы ақпараттық орындау, бейнеклип және т.б.).

7.3. Бейнероликтерге техникалық талаптар:

- видео формат: AVI, MOV, MPEG; MP4;

- сығымдау деңгейі: H.264/MPEG-4 AVC;
- ажыратылымдылығы: pixels 1920x1080 немесе 1280x720;
- кадрлар саны: fps 25;
- кадрдың арақатынасы: 1; стереоарналар;
- мәліметтер 10% -дан аспайтын қысылумен болуы керек;
- файл атаулары латын алфавитіндегі әріптерден және араб цифрларынан тұруы керек, ақпаратты және түсінікті болуы керек;
- **видео уақыты – 2 минуттан аспауы керек.**

7.4. Конкурс бейнеролигінің авторлық құқығын сақтау үшін жауапкершілікті осы жұмысты конкурсқа жіберген қатысушы көтереді.

7.5. Конкурсқа қатысу арқылы үміткер конкурсты ұйымдастыру комитетіне автоматты түрде конкурстық материалды қосымша ескертусіз пайдалану құқығын береді (Интернет желіге орналастыру, теледидар бағдарламаларында, іс-шараларда және т.б. демонстрациялау).

7.6. Ұйымдастыру комитеті конкурстық жұмыстардың қателіктерін апелляциялау мен талдауды қамтамасыз етпейді.

VIII. КОНКУРС ЖҰМЫСТАРЫН ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

8.1. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер конкурстық комиссияға келесі материалдарды ұсынады:

- өтініш (қосымша №1);
- номинацияларға сәйкес конкурстық материалдар.

8.2. Конкурсқа қатысу үшін барлық материалдар ұйымдастырушы ПТБ ФЗИ niipatriot_kstu@mail.ru электронды поштасына жіберіледі.

8.3. Өтініштер осы ережеге сәйкес мерзім ішінде қабылданады.

IX. КОНКУРС ЖҰМЫСТАРЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

9.1. Патриоттық бейнероликтерді бағалау критерийлері:

- жұмыстың мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі;
- тақырыптың тереңдігі және айқындылығы;
- бейнероликтің өзіндік ерекшелігі (идеяның жаңалығы);
- жұмыстың шығармашылық деңгейі, шеберлігі мен сапасы;
- материалды ашудағы шығармашылық тәсіл және оны жұмыста ұсынудың мәнерлілігі.

X. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ. МАРАПАТТАУЛАР

10.1. Конкурс жеңімпаздарын конкурс комиссиясы анықтайды және әр номинация бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

10.2. Ұйымдастыру комитетінің шешімімен үздік жұмыстарды ұсынған конкурсанттар патриоттық кездесулердің бағдарламалық шараларына шақырылады.

Іріктеу құқығы ұйымдастыру комитетінде қалады.

10.3. Жобаның барлық қатысушыларына ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған логотипті электронды сертификаттар табысталады.

XI. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Осы Ереже ҚарТУ-дың Патриоттық тәрби беру ғылыми-зерттеу институтының жетекшісі бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.

11.2. Конкурсты ұйымдастырушылар арнайы номинацияларды белгілеуге, олардағы жеңімпазды анықтауға және оларды арнайы сыйлықтармен марапаттауға құқылы.

11.3. Өзінің дербес деректерін ерікті түрде ұсына отырып, қатысушы мәліметтерді жинауға, сақтауға, пайдалануға, өңдеуге және таратуға конкурсты ұмдастырушылар және уәкілетті тұлғалардың мақсаты үшін мәліметтерді рұқсатсыз жария етуден қорғау үшін қажетті шаралар қолдануға өзінің келісімін береді.

«Тәуелсіздік бәрінен қымбаты» атты жоғары оқу орындары
арасындағы аймақтық патриоттық бейнероликтер конкурсының
Ұйымдастыру комитетіне

ӨТІНІМ

Студенттің ТАӘ (толықтай) _____
Конкурстық жұмыстың атауы _____
Номинацияға қатысу: _____
ЖОО атауы: _____
Туған жылы: «__» _____
Байланыс телефоны: _____
E-mail (электронды пошта) _____
Күні _____ Қолы _____